

Құдай сізді сүйеді

«Құдайдың әлемді сүйгені
соншалықты, Ол Өзінің
жалғыз Ұлын Оған
сенушілер өлмес үшін,
солар мәңгі өмірге
ие болу үшін
берді.»



Өтінеміз, бұл трактатты сізге бергеніміз үшін бізге ренжімеңіз. Біз сіздің жаныңыздың тағдыры жайлы қам жеудеміз, сондықтан да сізге мынаны айтқымыз келеді: егер сіз ешқашан қайта туылмаған, құтқарылмаған болсаңыз, сіз мәңгі өртенетін орынға апаратын жолдың үстіндесіз!

Білдіңіз бе, Құдай Адам атаға тану ағашынан жемісін татпауға бұйырған. Себебі Адам ата сол жемістен жеген сәтте өлер еді.

«Тәңірім Құдай адамға бұйырып, мынаны айтты: бақшадағы кезкелген ағаш-тан сен жеуіңе болады, бірақ жақсылық пен жамандық білдіретін ағаштан сен жемеуің керек: себебі сен одан жеген күні өлесің.» Адам тану ағашының жемісін жеді және сол күні ол рухани өлді. «Сондықтан, бір ғана адам арқылы бүкіл әлемге күнә кірді, күнә арқылы өлім, және өлім бүкіл адамзатқа өтті, өйткені барлығы күнәкар болды». Сіздер қайта туылмаған болсаңыздар, дәл осындай адасқан жағдайдасыздар. Егерде сіз бұл адасқан жағдайыңызда өлгенше қалып қойсаңыз, олгеннен соң, отты көлге (тозақ отына) тасталасыз. Библия, Құдайдың сөзі, қиямет сотында

«кімде-кім өмір кіта-бында жазылып табылмаған болса, оның отты көлге тасталғаны» деп айтады.

Иса сізді сүйеді. Ол тіпті сізді бұл дүниеге келместен бұрын сүйген ді. «Бірақ Құдай Өзінің бізге деген сүйіспеншілігін, біз күнәкәр бола тұра Христостың біз үшін өлгені арқылы дәлелдеген.»

Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі санамыздан әлде қайда жоғары. Ол сіздердің отты көлге түспеулеріңіз үшін құтқарылу жолын дайындап қойды. «Құдайдың әлемді сүйгені соншалықты, Ол Өзінің жалғыз Ұлын Оған сенушілер өлмес үшін, солар мәңгі өмірге ие болу үшін берді.»

Иса айқышта сіздерді құтқару үшін өліп Өз қанын төкті. «Бірақ бұл Адам күнәләріңіз үшін мәңгілікке құрбандық ұсынғаннан кейін Құдайдың оң қол жағына отырды.» Иса күллі нәрсенің төлемі болды. Иса Христосты өзінің Құтқарушысы ретінде қабылдаған әр біреуді құтқарылу күтуде. «Оны қабылдаушыларды, Оның атына сенушілерді Ол Құдайдың баласы болуға құқылы етті.»

Құдайдың сөзіне құлақ салыңызшы. «Егер сен өз аузыңмен Исаны Тәңір деп мойындасаң,

жүрегіңізде Құдайдың Оны өлгеннен қайта тірілткеніне сенсеңіз, құтқарыласыз.» «Өйткені Тәңірдің атын шақырған әркім құтқарылады.»

Дәл қазір Исаны жаныңызды құтқаруға шақырып Оған мойынсұна аласыз ба? Шешімі -- өзіңізден: «Сонда Агрипа Пауылға былай деді: Сен мені христиан болуға сендіріп тұрсың дерлік.» «Дерлік» -- жеткіліксіз. «Дерлік» -- сізді тозаққа жібереді. Иса Христосқа құтқарылуыңыз үшін бүгін сенім артыңыз.

Осы тақырапқа байланысты сұрағыңыз болса, мына мекен-жайға хат жазыңыз:



FELLOWSHIP TRACT LEAGUE

P.O. BOX 164 • LEBANON, OH 45036

www.fellowshiptractleague.org © Tract 3760 (Kazak)

All tracts free as the Lord provides. Not to be sold.